

2004 жылғы 3-4 мамырда Анкара қаласындағы Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының үшінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 267-ө өкімі

2004 жылғы 3-4 мамырда Анкара қаласындағы Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының үшінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-түрік ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 3-4 мамырда Анкара қаласындағы Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының үшінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 6 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 2 6 7 ө к і м і м е н

бекітілген

2004 жылғы 3-4 мамырда Анкара қаласындағы Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының үшінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары

N	Іс-шара		Орындалу		Орындалуына
p/c			мерзімі		жауаптылар

1. Шарттық-құқықтық базаны кеңейту:
- 1.1 Қазақстан Республикасының 2005 ж. Қарм, СІМ
 Үкіметі мен Түрік Республикасы
 Үкіметінің арасындағы салық
 заңнамаларын сақтау мәселелері
 бойынша ынтымақтастық пен өзара
 көмек туралы келісім жобасын қол
 қоюға дайындау;
- 1.2 2003 жылғы 22 мамырдағы 2005 ж. ЭБЖМ, СІМ,
 Қазақстан Республикасының Үкіметі ККМ, ЭМРМ,
 мен Түрік Республикасы Үкіметінің АШМ, ҚарМ
 арасында Ұзақ мерзімді сауда-
 экономикалық ынтымақтастық туралы
 келісімде көрсетілген жағдайларды
 іске асыру мақсатында қол қоюы
 көзделетін Ұзақ мерзімді
 экономикалық ынтымақтастық
 бағдарламасын және Ұзақ мерзімді
 экономикалық ынтымақтастықты іске
 асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын
 қол қоюға дайындау;
- 1.3 2003 жылғы 22 мамырдағы 2005 ж. КБА, СІМ,
 кедендік істердегі ынтымақтастық
 пен әкімшілік өзара көмек туралы
 Қазақстан Республикасының Үкіметі
 мен Түрік Республикасы Үкіметінің
 арасындағы келісім шеңберінде
 Қазақстан Республикасының Кедендік
 бақылау агенттігі мен Түрік
 Республикасының Премьер-Министрі
 жанындағы Кедендік қызмет
 арасындағы сыртқы сауданың
 кедендік статистикасы саласындағы
 әдіснамалық және ақпараттық өзара
 іс-әрекет туралы хаттамаға қол қою.

2. Сауда-экономикалық қатынастар:

2.1 екі елдің бәсекеге қабілетті. тұрақты ККМ, ИСМ, ЭБЖМ
лігін арттыруға және экспорттың
өзіндік құнын төмендетуге ықпал
ететін құрамдастырылған тасымал.

дарды көтермелеу;

2.2 екі елдің кедендік органдары тұрақты КБА
арасындағы келісімдер мен хатта.
малар шеңберінде ақпараттар және

мамандар алмасуды жүзеге асыру;

2.3 Қазақстанның Дүниежүзілік сауда 2004-2005 ИСМ, СІМ
ұйымына кіру мәселелері бойынша жж.
Түрік Республикасымен өзара іс-қимыл
жасау, тиісті хаттаманы әзірлеу және

қол қою;

2.4 екі елдің кәсіпкерлік 2005 ж. ИСМ, СІМ
құрылымдарының танысу іс-шараларына,
жәрмеңкелер мен көрмелерге белсенді

қатысуын көтермелеу;

2.5 2004 жылы Алматы қаласында 2004 ж. ИСМ
қазақ-түрік Іскерлік кеңесінің 2-жарты

кезекті отырысын өткізу; жылдық

2.6 Қазақстанға Түркияның арнайы 2004-2005 ИСМ, ҚарМ,
экономикалық аймақтарды құру мен жж. КБА, ЭБЖМ
басқару жөніндегі тәжірибесін және
осы мәселеде техникалық қолдау

көрсету туралы мәселені пысықтау;

2.7 Түрік Республикасының 2004 ж. СА
Мемлекеттік статистика институты 2-жарты
мен Қазақстан Республикасының жылдық
Статистика жөніндегі агенттігінің
арасындағы ынтымақтастық туралы

хаттаманы қол қоюға әзірлеу;

2.8 Қазақстан Республикасының 2004-2005 ИСМ, СІМ
Индустрия және сауда министрлігінің жж.
Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі комитеттің
мамандарын Түркия стандарттау
институты әзірлеген оқу

бағдарламалары бойынша оқыту;

2.9 Қазақстанда Түркия стандарттау тұрақты ИСМ, СІМ институтының қызметін таратуға жәрдемдесу.

3. Энергетика саласындағы ынтымақтастық:
- 3.1 көмірсутекті шикізатты әзірлеу, тұрақты ЭМРМ, өндіру және тасымалдау саласындағы "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ ынтымақтастықты кеңейту; "Қ а з а қ с т а н
- 3.2 Қазақстанның Баку - Тбилиси - 2004 ж. темір жолы Джейхан мұнай құбыры жобасына ҰК" АҚ қатысуына қатысты қажетті құқықтық базаны құру жөніндегі, сондай-ақ Ақтау - Баку - Тбилиси - Джейхан бағыты бойынша қазақстан мұнайын тасымалдауды қамтамасыз ететін "Шығыс-Батыс" энергетикалық дәлізі жобасын іске асыру саласындағы ынтымақтастық жөніндегі жұмысты жалғастыру.
-

4. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық:
- 4.1 ғылыми-техникалық ынтымақтастықты тұрақты БҒМ жалғастыру және тереңдету, өзара мүддені білдіретін салаларда мамандар және ақпарат алмасуды кеңейту;
- 4.2 жаңа технологиялар, атап айтқанда 2005 ж. БҒМ қашықтықтан зондтау технологиялары мәселелері бойынша қазақстандық мамандарды оқыту мүмкіндігін түрік тарапымен пысықтау.
-

5. Өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық:
- 5.1 тауарлар мен қызметтердің 2004 ж. ИСМ, СІМ рынокқа қол жетімділігі жөнінде Түрік Республикасымен екі жақты келіссөздер өткізу, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру аясындағы тауарлар

мен қызметтер саудасына қатысты екі жақты келіссөздерді аяқтау туралы хаттамаға қол қою мүмкіндігін қарау;

5.2 екі елдің инвестициялық бағдарламалары мен басымдық шеңберінде өзара инвестицияны жүзеге асыратын фирмаларды көтермелеу;

5.3 әлеуетті инвесторлар арасында қаржыландыруды талап ететін жобалар туралы ақпаратты таратуға жәрдем көрсету;

5.4 экономиканың мынадай басым салаларына инвестицияларды тарту жөнінде түрік тарапымен жұмысты жалғастыру :

- ақпараттық технологиялар мен электроника ;
- машина жасау (мұнай-газ, көлік және электртехникалық жабдықтары мен приборлары) ;
- терең металл игеру ;
- құрылыс материалдары өндірісі;
- биотехнология ;

- химия және мұнай-химия;

5.5 Түрік Республикасындағы жекешелендіру процесінде тұрған кәсіпорындарға инвестициялар салуға қатысты түрік тарапының ұсынысын пысықтау;

5.6 фармацевтика секторындағы екі жақты ынтымақтастықты талқылау үшін 2004 жылы Қазақстанға түрік дәрі-дәрмек препараттарын өндірушілер делегациясының сапары туралы түрік тарапының ұсынысын қарау.

6. Мердігерлік және консалтингтік қызметтер :

6.1 мердігерлік, инженерлік және тұрақты ИСМ

консалтингтік қызметтер саласындағы
ынтымақтастықты кеңейту және осыған
байланысты инфрақұрылым мен сәулет
құрылысының құрылыс және жобалық
жұмыстарына екі ел фирмаларының

қатысуын көтермелеу;

6.2 Түркияның жұмысшы-құрылысшылары. 2004 ж. ИСМ, ЕХӘҚМ
ның Білім қоры арқылы қазақстандық 2-жарты
жұмысшы-құрылысшыларды Түркияда жылдық
оқыту мүмкіндігін зерделеу;

6.3 Түрік фирмаларының көлік тұрақты ККМ, СІМ
инфрақұрылымы саласындағы жобаларға
неғұрлым тиімді қатысуын қамтамасыз
ету мүмкіндігін қарау;

6.4 Құрылыс және консалтинг тұрақты СІМ, ИСМ
қызметтері саласындағы ынтымақтас.
тықты дамыту үшін өзара ақпараттар
және делегациялар алмасуды жүзеге
асыру;

6.5 Қазақстанға түрік құрылыс 2005 ж. ИСМ, СІМ
компаниялары мен консалтингтік
фирмаларының өкілдерінен тұратын
делегациясының сапарын жүзеге асыру
туралы түрік тарапының ұсынысын
п ы с ы қ т а у .

7. Шағын және орта кәсіпорындар
саласындағы ынтымақтастық:
екі мемлекеттің уәкілетті органдары тұрақты ИСМ
арасындағы ынтымақтастықты дамыту
және қазақстандық мамандардың
Түркияда тағылымдамадан өтуін
ұйымдастыру мүмкіндігін зерделеу.

8. Туризм саласындағы ынтымақтастық:
8.1 мәдени және туристік қызметті тұрақты ТурСА
дамытуға бағытталған бағдарламаларды

дайындау, осы салаға инвесторларды
бағдарлау және ынтымақтастықты
жоғары деңгейде дамыту;

8.2 "Тургень" Халықаралық спорттық- 2005 ж. ТурСА, облыс
туристік кешені", "Щучье 1-тоқсан әкімдері
қаласындағы шаңғы спорт базасы",
"Инновациялық және ақпараттық
технологиялар республикалық туристік
орталығы" жобаларына инвестициялар
мүмкіндігін зерделеу.

9. Ауыл шаруашылығы саласындағы
ынтымақтастық:

9.1 тиісті түрік және қазақстандық 2004-2005 АШМ, СІМ,
ұйымдар арасындағы ауыл шаруашылығы жж. "Продкор.
өнімдерінің тікелей саудасын жүзеге порация" АҚ
асыру мүмкіндіктерін зерделеу; (келісім
бойынша),

9.2 Түрік Республикасының Өнім тұрақты "Қазақстанның
және егіншілік офисі өткізетін астық одағы"
сатып алу жөніндегі тендерлеріне ЗТБ (келісім
қазақстан фирмаларының қатысуы бойынша)
туралы түрік тарапының ұсынысын

пысықтау;

9.3 Қазақстандағы ауыл шаруашылығы тұрақты
өнімінің өндірісі мен қайта өңдеу
саласындағы инвестициялық
мүмкіндіктер туралы мүдделі түрік
компанияларын хабардар етуді
қамтамасыз ету.

10. Көлік саласындағы ынтымақтастық:

10.1 халықаралық автомобиль жүктерін тұрақты ККМ
тасымалдауды одан әрі жетілдіру және
оларды жүзеге асыру кезіндегі
кедергілерді жою жөнінде шаралар

кабылдау;

10.2 автомобиль көлігімен халықара. 2004 ж. ККМ
лық жүк тасымалдарын жүзеге асыруға

рұқсат беру бланкілерін алмасу
квотасының көбею мүмкіндігін қарау;
10.3 Қазақстан Республикасының 2004-2005 КҚМ
Үкіметі мен Түрік Республикасы жж.
Үкіметінің арасында Әуе қатынасы
туралы келісімді қол қоюға дайындау;
10.4 Алматы-Стамбул бағыты бойынша 2004-2005 КҚМ, "Қазақ.
демонстрациялау контейнерлі пойызын жж. стан темір
жіберу бойынша және трансазиялық жолы" ҰК" АҚ
темір жол магистралі Алматы-Стамбул-
Алматы бағыты бойынша халықаралық
жолаушы қатынасын ұйымдастыру
бойынша жобаны іске асыру жөніндегі
бірлескен жұмысты жандандыру;
10.5 Қазақстан Республикасының 2005 жыл КҚМ, "Қазақ
Үкіметі мен Түрік Республикасы бойы Теңіз Көлік
Үкіметінің арасында Су көлігі Флоты" ҰК"
саласындағы ынтымақтастық туралы
келісімнің жобасын Қазақстан
Республикасының мүдделі мемлекеттік
органдарында келісуден өткізу;
10.6 "Жібек жолы пойызы" жобасына 2004 ж. КҚМ
жәрдем көрсету туралы мәселені
қ а р а у .

11. Еңбек және әлеуметтік қорғау
саласындағы ынтымақтастық:

11.1 2000 жылғы 19 қазандағы 2005 ж. ЕХӘҚМ, СІМ
Қазақстан Республикасының Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі мен Түрік Республика.
сының Еңбек және әлеуметтік қорғау
министрлігінің арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы келісімнің
шеңберінде жұмыс тобының бірінші
отырысын өткізу;
11.2 Әлеуметтік қорғау туралы 2005 ж. ЕХӘҚМ, СІМ
шартқа қол қою туралы түрік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК